

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

ЖАЗДА АУЫЛҒА

БАРМАСА...

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

АТЫНАН ДА АЙЫРЫЛЫП

ҚАЛМАЙЫҚ

12-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ПСЖ АКАДЕМИЯСЫ АШЫЛАДЫ

Астанада Францияның әйгілі «Пари Сен-Жермен» клубының ресми академиясы – PSG Academy Kazakhstan футбол академиясы ашылады. Бұл туралы Туризм және спорт министрлігі мәлімдеді.

Қыркүйек айында ашылатын академияның алғашқы оқу-жаттығу орталығы елордадағы Air Arena спорт кешенінде орналасады. FIFA талаптарына сәйкес келетін жабық футбол алаңы жас спортшыларға, ауа райына қарамастан, жыл бойы тұрақты жаттығу өткізуге мүмкіндік береді. Алғашқы маусымда академия 6-14 жас аралығындағы 300-ге жуық ұл-қызды қабылдайды. Футболшылар жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне қарай топтарға бөлініп, «Пари Сен-Жермен» академиясының ресми оқу-жаттығу әдістемесі бойынша дайындалады. Айта кетсек, 2005 жылы құрылған PSG Academy бүгінде әлемдегі ең ірі футбол академияларының бірі саналады, 24 елде 200-ден астам оқу-жаттығу орталығы жұмыс істейді. Жыл сайын академияда 50 мыңнан астам жас футболшы тәлім алады.

ТАЗАЛЫҚТЫҢ ЖАНАШЫРЫ – ЖАСТАР

Елордада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында күн сайын бірнеше іс-шара ұйымдастырылады. Тазалық жұмысына «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздары да айрықша үлес қосып жүр. Өйткені туған қалаға жанашырлық таныту – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі.

СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ,

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ИДЕОЛОГИЯСЫ АЯСЫНДА

БҰҚАРАЛЫҚ ВЕЛОШЕРУ

БАСТАЛУЫ: 09:00.

ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ: 700 АДАМ

08.08.2026

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ОНЛАЙН ТІРКЕУ 5 ТАМЫЗ КҮНІ

САФАТ 09:00-ДЕ REG.ELORDASPORT.KZ САЙТЫНДА

БАСТАЛЫП, БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ

ТОЛЫҚ ТІРКЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ.

ТІРКЕЛГЕН ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІ

8 ТАМЫЗ КҮНІ 07:00-ДЕН 08:30-ҒА ДЕЙІН, ІС-ШАРА

ӨТЕТІН ЖЕРДЕ ТАРАТЫЛАДЫ.

ҚАШЫҚТЫҒЫ: 21 ШАҚЫРЫМ.

ҚАТЫСУ ТЕГІН.

10 ВЕЛОСИПЕД

ОЙНАТЫЛАДЫ.

ӨТЕТІН ОРНЫ: «АСТАНА

ОРМАНЫ» ЖАСЫЛ БЕЛДЕУІ,

ҚОСШЫ – ҮРКЕР БАҒЫТЫ.

АБАЙДЫҢ ӘНІН ШЫРҚАДЫ

Бас қалада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының күніне орай «Ұлы дала әуені: Абайдың ән мұрасы» қалалық музыкалық флешмоб өтті.

Іс-шара аясында 200-ге жуық оқушы Абайдың әйгілі «Көзімнің қарасы» әнін бір мезгілде орындады. Ұлы ақынның музыкалық мұрасын кеңінен насихаттауға арналған флешмоб ашық аспан астында өтті. Әнді көпшіліктің бір мезгілде орындауы ұлттық өнердің байлығын айшықтаған әсерлі музыкалық көрініске айналды. Бірлескен өнер жас өрендеріміздің шығармашылық әлеуетін ашуға, орындау шеберлігі мен сахна мәдениетін дамытуға, сондай-ақ ұлттық мұраға деген құрметін нығайтуға ықпал етті.



8-9
ТАМЫЗ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектер, ет, ұн және сүт өнімдері, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып алуға болады. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Мекенжайы: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



АҚОРДА



«БӘЙТЕРЕК» БАСШЫСЫ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады. Мемлекет басшысына бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы және холдингті дамытудың негізгі бағыттары баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа инвестициялық және кредиттік портфель 14,3 триллион теңгеге жетіп, 16,5 триллион теңгеге дейін артады деп болжанып отырғаны, бұл ретте жыл сайынғы таза пайда көлемі 400 миллиард теңгеден асатыны жөнінде мәлімет берілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша холдингтің қолдауымен 77,5 мың, соның ішінде кезекте тұрған 11,6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. Өткен жылы 77 ірі жоба мен шағын және орта бизнеске арналған 27,4 мың жоба қаржыландырылып, экспортқа тауар шығаратын 131 кәсіпкерге қолдау

көрсетілді. Ауылшаруашылық тауарларын өндіретін 7,2 мың агроқұрылым көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін 11,4 мың техниканы лизингке алды.

Басқарма төрағасы жүргізіліп жатқан трансформация мен «Бәйтерек» холдингінің жаңа ұзақмерзімді даму стратегиясы жайында айтты. Жоба активтерді тиімді басқару, әлеуетті бизнеске қолайлы жағдай жасау және халықтың тұрмыс сапасын арттыру шараларына арналған проактивті инвестициялық холдинг моделіне көшуді қарастырады.


Бұдан бөлек, Президентке бірқатар инвестициялық жоба-

ны іске асыру барысы туралы баяндалды. Жыл соңына дейін Инвестициялық кеңестің қарауына импортты алмастыруға, экспорт пен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған 26 жобаны енгізу жоспарланып отыр. Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету, ұзақмерзімді инвестиция тарту маңызды екенін атап өтіп, шағын және орта бизнесті қолдау тетігін күшейту жөнінде міндет жүктеді. Сонымен қатар азаматтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыруға айрықша назар аударды.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА – ШЫНШЫЛ СӨЗ

Осындай атаумен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың таңдаулы сөздерінің жинағы жарық көрді. Бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев хабарлады.

«Сөз қадірін түсінетін, көкірегі ояу, зерделі қауымға айтар жаңалығымыз бар. «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» деген атпен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың таңдаулы сөздерінің жинағы жарық көрді. Жинақ болғанда, бұл – Мемлекет басшысының Қазақстанды Әділетті, Қауіпсіз және Өркендеген елге айналдыруды көздеген ұлы мұратының сөзбен көмкерілген жиынтық бейнесі. Яғни саналы ғұмырын мемлекет ісіне арнаған тұлғаның соңғы отыз жылдан аса уақыт ішінде көңілге түйгені, ойға тамызық болған ұстанымдары мен құндылықтары. Осы жинақты құрастыру кезінде көзіміз жеткен анық жайт – күрделі және өтпелі кезеңде мемлекетке басшы болатын



тұлғаның ел болашағы, ұлт сапасы жайлы пікір-көзқарасы бұдан ондаған жылдар бұрын қалыптасқан. Одан соң өмірлік және кәсіби тәжірибе негізінде жүйеленіп, бүгінде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына

айналып отыр. Кітапта түрлі тақырыптар асында топтастырылған, әр жылдары айтылған сөздерін мұқият оқыған көзі қарақты оқырман мұны өзі де аңғарады деп ойлаймын. Біздің мақсат – «сөзін оқы және ойла» деп Хакім Абай айтпақшы, тағдыршешті кезеңде мемлекет тізгінін ұстаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған саясатының түп өзегін – президенттік миссиясын өз сөзімен негіздеу. Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңін ойлаған, даму бағдарын ұғынуға ұмтылған елжанды азаматтарды осы кітапты оқып-зерделеуге шақырамын» деп жазды А.Қырықбаев.

Кітап жақын арада барлық мемлекеттік кітапханаларға, университеттер мен колледждерге, жастар орталықтарына таратылады.

1344 АДАМ БОСАТЫЛДЫ

Ішкі істер министрлігі жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты жарияланған Рақымшылық туралы заңның орындалуы тұрақты бақылауда екенін хабарлады.

Бүгінгі таңда соттарға 10 мыңнан астам ұсыныс жолданған. Соның ішінде 4400-ге жуығы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен, ал 6900-ден астамы пробация қызметтерімен дайындалған. Бұл

туралы ІІМ қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының бірінші орынбасары Нияз Рыспаев мәлімдеді. Ресми мәлімет бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен 620 адам босатылды. Кейін

олар әкімшілік қадағалауда болады. Пробация қызметінің есебінде тұрған 724 азамат та жазасын өтеуден босатылды. Сондай-ақ 730-дан астам сотталғанның жаза мерзімі қысқарды.

ПРЕЗИДЕНТ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соғыс және еңбек ардагері, Халық қаһарманы Иван Гапичтің дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасына көңіл айтты.

«Иван Степанович майданға өз еркімен аттанып, байланышы ретінде соғыстың соңына дейін қатысты. Елге оралған соң ұзақ жылдар бойы прокуратура органдарында мінсіз қызмет атқарды.

Адамгершілік қағидаттарынан айнымайтын әрі өз ісінің нағыз маманы ретінде ол әріптестері мен көпшілік арасында зор абыройға ие болып, құрметке бөленді. Иван Степанович ғұмыр жолында

жасампаз патриотизмнің, антқа адалдықтың және әділдік құндылықтарын берік ұстанудың жоғары үлгісін көрсетті. Оның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады» деп жазылған жеделхатта.

ҮКІМЕТ



ІШКІ СҰРАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ



Үкімет отырысында Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев сауда саласының дамуы туралы баяндады. Ол бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымының көлемі 15,3%-ға өсіп, 36,2 трлн теңгеге жеткенін хабарлады. Негізгі өсім азық-түлік сегменті есебінен қамтамасыз етілді. Оның өсімі шамамен 30%-ды құрады.

«Бірінші жарты жылдың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымының көлемі 36,2 трлн теңгені құрап, 15,3%-ға өсті. Негізгі өсім азық-түлік сегменті есебінен қамтамасыз етілді. Оның өсімі шамамен 30%-ды құрады. Отандық агроөнеркәсіп өндірушілерінің сыртқы нарықтағы ұстанымы нығаюда. Қаңтар-мамыр айларының қорытындысы бойынша азық-түлік экспорты 34,4%-ға өсіп, \$1,6 млрд-ты құрады. Сонымен қатар импортқа тәуелділік төмендеді. Оның үлесі 14,7%-ға дейін қысқарды. Бүгінде Қазақстан ең қажетті өнімдермен ішкі сұранысты қамтамасыз етеді. Күнбағыс майы, ұн, күріш, картоп, пияз, сәбіз, макарон өнімдері, сиыр және қой еті бойынша 100%-қамтылған. Азық-түлікке жатпайтын секторға келсек, бес айдың қорытындысы бойынша шикізат емес тауарлар экспорты 12%-ға өсіп, \$10 млрд-тан асты. Ал импорт көлемі 4,4%-ға ғана өсті. Қазақстанның ішкі нарығы отандық өндірушілер үшін сұраныстың басты көзі болып қала береді. Сауда министрлігі ішкі нарықта отандық өнімнің үлесін кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруда. Мемлекеттік қолдау шараларын ескере отырып, заңнамада отандық азық-түлік тауарлары үшін сөре кеңістігінің кемінде 50%-ын, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар үшін кемінде 30%-ын бөлу көзделген» деді Арман Шаққалиев.

Министрдің айтуынша, қосымша құқықтық өзгерістер әзірленген. Отандық өнімнің үлесі әрбір тауар санатында қамтамасыз етіледі. Бұл қазақстандық өнімнің ұсынылуын арттыруға мүмкіндік береді. Отандық тауарлар сауда орындарының ең сұранысқа ие сөрелерінде орналасып, «Қазақстанда жасалған» белгісімен таңбаланады. Бұл отандық тауарларға сұранысты арттырады.

Оған қоса «жаңа өндірушілер» үшін сөрелер мен «жасыл сөрелер» көзделген. Осыған ұқсас талаптар Kaspi, Halyk Market, Clever, TEEZ және тағы басқа отандық электрондық сауда алаңдарында енгізілуде. Заң бойынша сауда желілерінің отандық өндірушілермен жеткізу шартын жасасудан негізсіз бас тартуы тыйым салынды. Сауда желілерімен жыл сайын меморандумдар жасалады. Онда отандық өнімді ілгерілету жөніндегі нақты міндеттемелер қамтылған.

Ірі сауда объектілері мен базарлар үшін жалдау ақысын қалыптастырудың ашық ережелері белгіленді. Оны жылына бір рет қана қайта қарауға болады. Жыл соңына дейін отандық өндірушілерді сауда желілерімен тікелей байланыстыратын QazTrade Retail цифрлық платформасын іске қосу жоспарланған. Ел бойынша жыл сайын 10 мыңнан астам жәрмеңке өтеді. Жыл басынан бері 4600 жәрмеңке өткен. Отандық өндірушілерге ауыл шаруашылығы жәрмеңкелеріндегі сауда орындары тегін беріледі. Ұлттық талдау орталығымен бірлесіп, отандық өнімді ілгерілету үшін тұтыну маркетингінің заманауи құралдары енгізілді. Қазақстандық ірімшікті ілгерілету жөніндегі пилоттық жоба барлық өңірде «Магнум», «Анвар», «Смолл» сияқты 40 ірі республикалық және өңірлік сауда желісінде жүзеге асуда. Қанатқақты жоба алғашқы айда нәтиже беріп, қазақстандық ірімшіктің сатылымы 7%-ға өсті. Қазіргі уақытта пилоттық жобаның ауқымын кеңейту үшін жаңа тауар санаттарының тізбесі айқындалуда. Отандық өндірісті қолдаудың маңызды бағыты – техникалық реттеу жүйесін жетілдіру.

Тауарларды толық қадағалау үшін ұлттық тауарлар катало-

гының базасында «Сауданың цифрлық айнасы» бірыңғай цифрлық жүйесі қалыптастырылуда. Ұлттық тауарлар каталогына 85 мың тауар мен көрсетілетін қызмет түрі енгізілген, 67,7 пайдаланушы тіркелген және 30 млн тауар цифрланған. Ұлттық каталог мемлекеттік сатып алу порталымен, электрондық шот-фактуралар, кедендік, «1С» жүйесімен, сондай-ақ сауда желілерімен және маркетплейстермен интеграцияланған. Отандық тауар өндірушілердің тізгімімен интеграциялау аяқталуға жақын. Осының нәтижесінде қазақстандық тауарлардың толыққанды дерекқоры қалыптасады. Бұл тауарлар қозғалысы, баға динамикасы, ішкі нарықтағы отандық өнімнің үлесі туралы объективті ақпарат алуға және мемлекеттік қолдау шараларын атаулы түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Қаржылай қолдау шаралары кеңеюде. Бірінші жартыжылдықта ғана Экспорт-кредит агенттігінің сақтандыру қолдауының көлемі 400 млрд теңгеден асты. Жыл соңына дейін ол 1,2 трлн теңгеге дейін ұлғаяды. Жыл сайын шамамен 6 млрд теңге экспорттаушылардың логистика шығынын өтеуге бағытталады. Нәтижесінде экспорт құрылымы өзгеруде. Кейінгі бес жылда жоғары өңделген өнім экспорты 2,5 есе өсіп, \$11,1 млрд-ты құрады. Оның шикізат емес экспорт құрылымындағы үлесі 38,8%-ға жетті. Келесі кезең – дайын өнімді сыртқы нарыққа ілгерілету. Ол үшін отандық өнімді Lulu Hypermarket, Carrefour, Gross, Panda, Spinneys және тағы басқа ірі шетелдік сауда желілерінің сөрелеріне орналастыру жөніндегі жаңа қолдау шарасы пысықталуда. Министрліктің стратегиялық міндеті – қазақстандық тауарлардың ішкі нарығын нығайту.

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының кітап оқу мәдениетін дамыту жөніндегі Жарлығын іске асыру аясында Астана қаласында республикалық «Кітап оқитын ұлт» жобасы басталды. Осыған сәйкес елорда әкімдігі мен «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры арасында меморандумға қол қойылды.



Бұл құжатқа Астана қаласы әкімінің орынбасары Талғат Рахманберді мен «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков қол қойды. Осы күзден бастап елордада республикалық марафон аясында әдеби кездесулер, көпшілік оқулары, кітап жобалары, ағартушылық акциялар және басқа да іс-шаралар сериясы басталады. Астана қаласы әкімінің орынбасары Талғат Рахманбердінің айтуынша, кітап оқу мәдениетін дамыту – елорда үшін заманауи қоғам қалыптастырудағы маңызды бағыттардың бірі.

– Астана үшін кітап оқу мәдениетін дамыту – адами капитал мен қаланың зияткерлік әлеуетіне салынған инвестиция. Біз кітапты елорда тұрғындарының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыруға жағдай жасауды көздейміз. «Кітап оқитын ұлт» жобасы түрлі буын өкілдерін білім, ағарту және мәдени құндылықтар төңірегіне біріктіреді деп сенемін, – деді Талғат Рахманберді. «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков республикалық марафон қарсаңында елорданың жобаға қосылуының символдық мәні зор екенін атап өтті. – Марафонның басталуына небәрі бір ай қалды және дәл осы кезеңде елорданың жобаға қосылғаны өте маңызды. Астана оқыса, бүкіл елге үлгі болады. Қала марафонның көшбасшыларының біріне айналып, мыңдаған адамды кітап әлемін жаңадан тануға шабыттандырады деп сенемін, – деді Бақытжан Тұрлыбеков. Республикалық «Кітап оқитын ұлт» марафоны қыркүйек айында басталып, Қазақстан

ның барлық өңірін қамтиды. Оның мақсаты – кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, отандық әдебиетті қолдау және үздіксіз өзін-өзі дамыту мәдениетін қалыптастыру. Жобаның серіктестері қатарында Қазақстан Жазушылар одағы, Креативті индустрияларды дамыту қоры, Yandex Qazaqstan және «Яндекс книги» сервисі бар. Олар бірлесіп кітап оқу мәдениетін дамытуға, заманауи әдеби жобаларды қолдауға және цифрлық технологиялар арқылы кітапқа қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған бастамаларды жүзеге асырады.

КЕЛІСІМГЕ КЕЛУ – КІСІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

Достық үйінде Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ-нің ұйымдастыруымен «Этносаралық келісімді нығайтудағы медиаторлардың рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Асантемір ҚАРШЫҒАҒҰЛЫ Жиынға Астана қаласының кәсіби және қоғамдық медиаторлары, сот қызметкерлері, Аналар кеңесінің мүшелері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Басқосу барысында медиация институтын одан әрі дамыту, этносаралық келісімді нығайту, жанжалдардың алдын алу және оларды тиімді реттеудегі медиаторлардың рөлін арттыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Қатысушылар медиацияның қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызын, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылын жетілдіру тетіктерін және дауларды бейбіт жолмен шешудің тиімді тәжірибелеріне тоқталды. – Қазақстан – жүзден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір

сүріп жатқан мемлекет. Осындай көпұлтты қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтау – әр азаматтың, ал мектепте жұмыс істейтін педагогтардың маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан қазіргі таңда мектептегі этномедиацияның рөлі ерекше артып келеді. Ең бастысы, кез келген даулы жағдайда жеңімпаз бен жеңілген тарап болмайтынын, медиатордың мақсаты екі тараптың да мүддесін ескеретін ортақ шешімге келу екенін терең түсінеміз. Семинар барысында меңгерген құнды әдіс-тәсілдер мен қағидаттарды күнделікті педагогика қызметінде және сыныптан тыс тәрбие жұмысында, практика жүзінде қолдануды басты мақсат етіп қойдым. Этномедиация – тек жанжалдарды шешу құралы емес, адамдарды тыңдай білу, құрметтеу, түсіну және келісімге келуге үйрететін мәдениет, – деді Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназияның тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Алмагүл Әлішева.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Бас қаладағы «Жастар» саябағында Taza Qazaqstan экология күні өтті. Оған түрлі буын өкілдері, белсенділер, мәслихат депутаттары, экологтар және «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздары қатысты. Акция барысында олар аумақты қоқыстан тазартып, жасыл аймақтарды ретке келтіріп, экологиялық жауапкершіліктің үлгісін көрсетті.

Эко-күнді өткізу үшін «Жастар» саябағын таңдаудың себебі жоқ емес. Бұл – қала тұрғындары мен қонақтары күн сайын демалатын ең танымал қоғамдық орындардың бірі. Келушілер санының көп болуына байланысты мұндай аумақтар тұрақты күтім мен тазалықты сақтауды қажет етеді. Акцияның дәл осы жерде ұйымдастырылуының сыры – саябақтың қазіргі жағдайын жақсартып қана қоймай, көпшілік демалатын орындарда тазалықты сақтаудың маңызына жұрт назарын аудару. – Туған қалаға жанашырлық таныту – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. «Таза Қазақстан» акциясы белсенді жандардың басын қосады, – деді іс-шараны ұйымдастырушылар.

«Жасыл ел» еңбек жасағы сарбаздары үшін бұл – жай ғана жазғы жұмыс емес, туған өлкені абаттандыруға өз үлесін қосудың нақты мүмкіндігі.

Жастар көгалдарды қоқыстан тазартып, жаяу жүргіншілер жолдарын ретке келтіріп, ұйымшылдығын көрсетті. Оларға мәслихат депутаттары мен кәсіби экологтар да белсенді түрде қосылып, мұндай бастамалардың экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Ал сарапшылардың айтуынша, акция қоршаған ортаға қамқорлық жасауды тұрақты дағдыға айналдыруға ықпал етеді. Ұзақмерзімді перспективада олар экологиялық мәдениетті нығайтып, азаматтық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді.



Астана қаласы мәслихатының депутаттары құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысына дайындық аясында жол құрылысы нысандарын аралады.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ жолдың бір бағыты бойынша қозғалысты ашу жоспарланып отыр. Қ.Мұхамедханов көшесінің Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тасжолына дейінгі учаскесіндегі құрылыста инженерлік желілерді тарту бойынша негізгі жұмыс аяқталды. Қазіргі уақытта аумақты



Қабанбай батыр даңғылынан Хусейн бен Талал көшесіне дейінгі учаскеде жүргізілуде. Жоба Тәуелсіздік және әл-Фараби даңғылдарын әуежайға апаратын трассаға (Қабанбай батыр даңғылына) дейін жалғастыруды көздейді. Жаңа жол пайдалануға берілгеннен кейін, Мәңгілік ел, Қабанбай батыр және Тұран даңғылдарындағы көлік жүктемесі айтарлықтай төмендейді. Қазіргі уақытта инженерлік желілерді, жол жабынын, сыртқы жарықтандыруды және өзге де коммуникацияларды салу жұмысы жалғасуда. Жыл соңына дейін

абаттандыру, көгалдандыру және жол жабынының жоғарғы қабаты төселіп келеді. Угольная, №12, №14 және Ш.Бейсекова көшелері арқылы өтетін магистралдық автожолдың Сығанақ көшесінен №27 көшеге дейінгі учаскесінің құрылысында жол салу және асфальт төсеу бойынша негізгі жұмыс аяқталды. Қазіргі кезде аумақты абаттандыру, сыртқы жарықтандыру жүйесін орнату, кірме жолдар мен автотұрақ қалталарын жасау, сондай-ақ жол жабынының жоғарғы қабатын төсеу жұмысы жүргізілуде.

АНА СҮТІНЕН АРТЫҒЫ ЖОҚ

Елордадағы №6 емханада Дүниежүзілік ана сүтімен емізу апталығы аясында жүкті әйелдерге арналған ақпараттық-білім беру кездесуі өтті. Іс-шара барысында әйелдерге баланы ана сүтімен емізудің артықшылығы, сол бойынша заманауи ұсыныстар айтылып, баланы ана сүтімен тамақтандыру үшін оны дұрыс ұстау туралы кеңес берілді, сондай-ақ болашақ аналар маңызды сұрақтарына жауап алды.

Іс-шараның негізгі қонағы – бастапқы медициналық-санитариялық көмекті нығайту және бала кездегі ауруларды интеграцияланған басқару жөніндегі үйлестіруші Татьяна Витальева қатысушыларға тақырып аясында дәріс өткізді. Сондай-ақ емхананың дәрігер-педиатрлары да ана сүтінің баланың дені сау, психология жағынан мықты болып өсуі үшін маңызын еске салды. – Ана сүтімен емізу – нәрестені табиғи түрде тамақтандыру. Ол – нәресте үшін ең жақсы тағам, өйткені оның құрамы баланың қажеттіліктеріне сәйкес теңдестірілген. Бала омырау сүтінен ағзасы үшін құрылыс материалы іспетті болатын ақуызды, қуат көзі

ретінде майлар мен көмірсуларды және басқа да дәрумендер мен микроэлементтерді алады. Жаңа туған аналарға омырау сүтінің құндылығы мен бірегейлігі туралы ақпарат бере отырып, біз олардың дұрыс таңдау жасауына мүмкіндік береміз, – деді Татьяна Витальева. Кездесу барысында әйелдерге нәресте туғаннан кейін ана сүтімен емізуді бастауға көмектесетін кеңестер мен практикалық ұсыныстар берілді. Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар болашақ ата-аналардың білімін арттыруға және ана мен баланың денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал ететінін жеткізді.

Райхан
РАХМЕТОВА

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІН ҰСЫНУ АЯҚТАЛДЫ

Астана қаласында Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен Құрылтай депутаттарын сайлау науқаны аясында Орталық сайлау комиссиясының XI отырысы өтті. Ол сайлаушылар тізімін қалыптастыру сайлау процесінің маңызды кезеңдерінің бірі екендігіне тоқталды. Азаматтардың конституциялық сайлау құқығын жүзеге асыру сайлаушылар тізімдерінің негізінде мүмкін болады.



Аталған жұмыстардың өңірлерде орындалу барысы туралы отырыста облыстардың әкім аппараттарының басшылары есеп берді. Атап айтқанда, олар сайлаушылар тізімін қалыптастыру, оның ішінде үздіксіз өндірісі бар ұйымдар мен вахталық орындарда жаңадан құрылған сайлау учаскелері бойынша тізімдерді қалыптастыру жұмыстары жөнінде баяндады. Сондай-ақ учаскелік сайлау комиссияларына сайлаушылар тізімдерін беру, азаматтарды ақпараттандыру, call-орталықтардың жұмысы және өзге де ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпарат ұсынылды.

«Еліміз бойынша сайлаушылар тізіміне 12 605 788 азамат енгізілді. Электоралдық науқан басталғаннан бері республикада 221 call-орталық өз жұмысын бастады. Бүгінгі күнге дейін оларға 6 080 өтініш келіп түсті. Call-орталықтар туралы ақпарат Орталық сайлау комиссиясының ресми сайтында орналастырылған», – деді Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Азамат Айманакумов.

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ ЖҰМЫСЫНА КІРІСТІ

Отырыста сондай-ақ учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін дайындау мәселесіне ерекше назар аударылды. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров осы аптадан бастап Орталық сайлау комиссиясының мүшелері өңірлерге инспекциялық сапарларға шығатынын атап өтті. Олар барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларды аралап, алдағы сайлауға дайындық аясында сайлау инфрақұрылымының әзірлік деңгейін тексереді.

«Бүгіннен бастап учаскелік сайлау комиссиялары өз жұмысына кірісті. Барлығы 10 400-ден астам сайлау учаскесі ашылды. Сайлауды ұйымдастыруға мүшелерінің жалпы саны 71 мың адамды құрайтын 10 600-ден астам комиссия тартылатын болады. 4-17 тамыз аралығында біз Орталық сайлау комиссиясының мүшелерімен және аппарат қызметкерлерімен бірге еліміздің барлық 20 өңіріне инспекциялық сапарларға шығамыз. Осы сапарлар барысында сайлау учаскелерінің дайындығы, олардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, сайлаушыларды ақпараттандыру жұмысының ұйымдастырылуы, Call-орталықтардың қызметі бағаланатын болады. Сонымен қатар, өңірлерге жасалатын инспекциялық сапарлар барысында аумақтық сайлау комиссияларының жұмысына, оның ішінде сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту барысына да ерекше назар аударылады», – деп атап өтті Нұрлан Әбдіров.

ОСК Төрағасы 7 тамыздан бастап әрбір сайлаушыға дауыс беруге қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміндегі өзі туралы деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі берілетінін еске салды. Егер қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, сайлаушы дереу учаскелік сайлау комиссиясына жүгіне алады. Мұндай өтініштер келіп түскен күні дереу қаралады. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктерін дауыс беру күніне

15 күн қалған уақыттан бастап дауыс беру күнінің алдындағы күнгі сағат 18:00-ге дейін алуға болады. Мұндай куәлікті учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының жазбаша өтініші және жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі негізінде береді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады.

«Азаматтар тұрғылықты жері бойынша тіркелген учаскелік сайлау комиссиясынан 7 тамыздан бастап 22 тамыз сағат 18:00-ге дейін дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктерін алуға құқылы. Бұл ретте бір елді мекен шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс бергісі келетін сайлаушыларға мұндай куәлік берілмейтінін атап өткен жөн. Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді және олардың телнұсқалары берілмейді», – деді Азамат Айманакумов.

ОНЛАЙН-СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Енді есептен шығару куәліктерін сенімхат арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді. Ортсайлауком отырысына қатысушылар азаматтардың дауыс беруіне жәрдемдесетін онлайн-сервистердің жұмысы туралы да талқылады. ОСК Төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман атап өткендей, осы сервистердің көмегімен учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері азаматтың тіркелген мекенжайын тексере алады. Бұл оны сайлаушылар тізіміне енгізу үшін

қажет. Ол үшін азамат тиісті өтінішпен жүгінуі тиіс. Екінші сервис тіркеуі жоқ азаматтарға сайлау учаскесінің мекенжайы бойынша уақытша тіркеуге тұруға мүмкіндік береді. Аталған екі сервис те қазақстандықтардың сайлау құқығын іске асыруына жәрдемдесуге бағытталған.

«eGov порталы арқылы сервиске қол жеткізу құқығы берілген учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері азаматтың жазбаша өтініші негізінде оның тұрақты тіркелген мекенжайы туралы мәлімет ала алады. Егер өтініш берушінің тұрақты тіркелген тұрғылықты жері тиісті сайлау учаскесінің шекарасы аумағында екені расталса, комиссия оны сайлаушылар тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды. Бұл сервис 5106 сайлау учаскесінде қолжетімді болады. Сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған және бұрын сайлаушылар тізіміне енгізілмеген азаматтардың сайлау құқығын іске асыру мақсатында дауыс беру күні оларды сайлау учаскесі орналасқан мекенжай бойынша уақытша тіркеуге жол беріледі», – деп хабарлады Мұхтар Ерман.

Азаматтарды бірнеше рет тіркеуге жол бермей және бақылау тетіктері туралы Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин хабарлады. Айта кетейік, бұл жобаларды Орталық сайлау комиссиясы, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Ішкі істер министрлігі бірлесіп жүзеге асыруда. Дауыс беру бюллетені қандай болатыны, қанша

дана басып шығарылатыны және оның сайлау учаскелеріне қашан жеткізілетіні туралы бүгін Орталық сайлау комиссиясында айтылды.

ДАУЫС БЕРУ БЮЛЛЕТЕНЬДЕРІ ҚАНША?

Ортсайлауком мүшесі Михаил Бортник ОСК Құрылтай депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беру бюллетенінің нысаны мен мәтінін, оларды дайындау тәртібі мен қорғаныс дәрежесін белгілейтінін атап өтті. Сонымен қатар Орталық сайлау комиссиясы сайлау бюллетеньдерін дайындауды және оларды аумақтық сайлау комиссияларына жеткізуді қамтамасыз етеді. Дауыс беруге арналған бюллетеньге жеребеге сәйкес реттілікпен саяси партиялардың атаулары және «Бәріне қарсымын» деген жол енгізіледі. Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлаудан ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын жеткізіледі.

«Дауыс беру бюллетенінің бланкісі – екі жақты, А4 форматында. Түсі – көгілдір түсті. Бірінші бетінде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, бюллетеннің атауы. Екінші бетінде – 2026 жылғы 23 шілдеде қазақстандықтарды 23 тамыздағы Құрылтай сайлауына белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырамын. Бұл – азаматтық борышымызды орындап қана қоймай, Қазақстанның тұрақты дамуы мен жарқын болашағына қосқан нақты үлесіміз болмақ.

түсін, және т.б. қамтиды. Республика бойынша сайлаушылар тізіміне 12 605 788 сайлаушы енгізілген. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 пайызы резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде әзірленеді. Осыған байланысты дауыс беру бюллетеньдері 12 731 847 дана көлемінде дайындалатын болады», – деп хабарлады ОСК мүшесі Михаил Бортник.

ШЕТЕЛДІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Орталық сайлау комиссиясында Еуропа елдері мен ТМД мемлекеттерінің халықаралық байқаушылары Құрылтай сайлауына жоғары қызығушылық танытып отырғаны атап өтілді. Бұл туралы Комиссия отырысында сөз сөйлеген Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман мәлімдеді. Оның айтуынша, Орталық сайлау комиссиясына қосымша 9 шет мемлекеттің және 4 халықаралық ұйымның 155 байқаушысын аккредиттеу жөнінде өтінімдер келіп түскен.

«2026 жылғы 3 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Орталық сайлау комиссиясына 9 шет мемлекеттен және 4 халықаралық ұйымнан 155 халықаралық байқаушының кандидатурасын аккредиттеуге ұсынды. Олардың ішінде ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясынан – 86 байқаушы, ТМД Байқаушылар миссиясынан – 22, ТМД ПАА – 23, ҰҚШҰ ПА – 6 байқаушы бар. Шет мемлекеттерден: Ресейден – 3 байқаушы, Әзербайжаннан, Армениядан, Иордания Хашимит Корольдігінен, Қырғыз Республикасынан, Молдовадан, Мьянма Одағы Республикасынан және Румыниядан – әрқайсысынан 2 байқаушы, Украинадан – 1 кандидатура ұсынылды», – деп хабарлады Мұхтар Ерман.

Айта кетейік, аталған миссиялардың құрамына 29 елдің: Австрия, Әзербайжан, Албания, Беларусь, Бельгия, Босния және Герцеговина, Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Испания, Италия, Қырғызстан, Латвия, Люксембург, Нидерланд, Норвегия, Польша, Ресей, Румыния, Солтүстік Македония, Словения, Тәжікстан, Түркия, Финляндия, Франция, Хорватия, Черногория, Чехия және Швеция мемлекеттерінің атынан 74 депутат кіреді.

Бүгінгі күнге дейін Орталық сайлау комиссиясы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан 251 халықаралық байқаушыны аккредиттеді. Аккредиттеуге қатысты ұсыныстар келіп түскен сайын халықаралық байқаушылар туралы мәліметтер жаңартылып отырады. Орталық сайлау комиссиясының мүшелері отырыс жұмысының қорытындысымен тиісті қаулылар қабылдады. Сонымен қатар БАҚ өкілдеріне арналған дәстүрлі брифингте журналистердің сұрақтарына жауап берді.

ӘР ДАУЫС – ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС



Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ, ақын, филология ғылымдарының докторы

– 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының

сайлауы – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды белестердің бірі. Президент Жарлығына сәйкес белгіленген бұл саяси науқан Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың заңды жалғасы әрі азаматтардың мемлекет ісіне қатысу мәдениетін нығайтатын маңызды қадам деп санаймын.

Қандай қоғам болмасын оның өркендеуі халықтың белсенділігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Азаматтар ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерде өз ұстанымын білдіріп, таңдау жасау арқылы ғана мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім арта түседі.

Сондықтан Құрылтай сайлауы – тек дауыс беру рәсімі емес, бұл әрбір азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігін көрсететін маңызды саяси мүмкіндік.

Қазіргі таңда Қазақстан әділетті, ашық әрі халық үніне құлақ асатын мемлекет құру жолында жүйелі өзгерістерді жүзеге асырып келеді. Осы үдерісте Құрылтай институтының орны ерекше. Ол қоғамдағы түрлі пікірлер мен ұсыныстарды тоғыстырып, маңызды бастамалардың жүзеге асуына ықпал ететін тиімді қоғамдық алаңға айналды. Демек, оның құрамын сайлау да елдің ертеңіне бейжай қарамайтын әр азамат үшін маңызды.

Біз мемлекет тағдырына қатысты мәселелерді сырттан бақылаушы емес, белсенді қатысушы ретінде қабылдауымыз қажет. Өйткені елдің бүгінгі мен ертеңі әрқайсымыздың азаматтық ұстанымымызға, қоғамдық белсенділігімізге байланысты. Сондықтан барша қазақстандықтарды 23 тамыздағы Құрылтай сайлауына белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырамын. Бұл – азаматтық борышымызды орындап қана қоймай, Қазақстанның тұрақты дамуы мен жарқын болашағына қосқан нақты үлесіміз болмақ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҚҰРЫЛТАЙ

ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

23 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

ӨЗІҢІЗДІ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН АЛДЫН АЛА ТЕКСЕРІНІЗ

Сайлау учаскесіңіздің мекенжайы және сайлаушылар тізіміне енгізілуді тексеруге болады.

TELEGRAM-BOT:

@sailau_astana_bot

САЙТ:

sailau.astana.kz

БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

109

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бірақ бүгінгі көрініс мүлде басқаша бағытқа бет алып барады. Елімізде мектеп оқушыларының жазғы демалысы үш айға жуық уақытқа созылады. Қаладағы балалардың бір бөлігі түрлі лагерьлерге барса, енді бір бөлігі қосымша үйірмелерге қатысады. Бірақ олардың басым бөлігі қазір жазды үйде, смартфон мен компьютердің алдында өткізетіні қалыпты жағдайға айналды. Бұрынғыдай таңнан кешке дейін далада ойнайтын, асық атып, доп қуатын балалар жоқтың қасы. Яғни цифрлық технология балалардың өмірін жеңілдеткенімен, олардың табиғатпен, еңбекпен және ұлттық ортамен байланысын әлсіретіп отырғаны да анық. Әрине, технологиядан күнде толық бас тарту мүмкін емес. Смартфон баланың өмір мектебінің орынын алмастыра алмайтыны да айқын. Енді не істеу керек? Осындайда «баланы бұрынғыдай ауылға жіберу керек пе?» деген салмақты сұрақ туындайды. Бір қарағанда жауап оңай сияқты. Алайда қазіргі ауыл да бұрынғы ауыл емес. Көптеген елді мекендерде халық саны азайған, мал ұстайтын отбасы сиреген. Кейбір ауылдарда бұрынғыдай тай үйрететін, қозы бағатын немесе егін басында еңбекке араластыратын мүмкіндік те қалмаған. Демек, бүгінгі ауылдың өзі үлкен өзгеріс үстінде.

АУЫЛДЫҢ
АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

Дей тұрғанмен, ауыл – ең алдымен табиғи орта. Қаладағы көпқабатты үйдің төрт қабырғасына қамалған бала үшін таза ауада жүрудің, өзенге барудың, бақшадағы жемісті өз қолымен терудің өзі үлкен тәжірибе. Өйткені ол табиғатты кітаптан емес, өмірден таниды. Тым құрыса, ағаштың қалай өсетінін, малдың қалай бағылатынын, картоптың қалай түп-телетінін, нанның дастарқанға қалай келетінін көзімен көреді. Үйдің ауласын сыпыру, бақша суару, отын жаруға көмектесу немесе мал суару – мұның бәрі баланың жауапкершілік сезімін қалыптастырып, өмірге бейімдейді. Екінші тұрғыдан, қазақтың тілі, салт-дәстүрі, үлкенді сыйлау мәдениеті ең алдымен ауылда табиғи түрде сақталған. Әжесінің ертегісін тыңдап, атасының өңгімесін естіген бала өз тегін, тарихын тереңірек түсінеді. Ал ауылдан мүлде алыстап өскен ұрпақ үшін қазақы дүниетаным кітаптағы ақпарат күйінде ғана қалуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, ауылдың бала тәрбиесіндегі рөлі әлі әлсіреген жоқ. Әрине, барлық отбасының ауылда туысы бола бермейді.



Фото интернеттен алынды

Бұрын жаз келсе қазақ ауылдарының сәні кіретін. Қалада оқитын балалар ата-әжесінің үйіне ағылып, ауыл бірден бала күлкісіне толып, балалардың ойын алаңына айналатын. Бірі тайға мініп, бірі өзенге шомылып, енді бірі доп қуып еркін өмірде ойынның қызығына батса, ересектері үлкендерге көмектесіп, шөп жинауға, мал бағуға қолғабыс ететін. Осы тұрғыдан алғанда жазғы демалыс – баланың тек тынығатын емес, өмір мектебінен өтетін маңызды кезеңі еді.

Кейбірінің ата-анасы әлдеқашан қалаға қоныс аударған. Кейбір ата-аналар ауылдан әлдеқашан қол үзген. Енді не істеу керек?! Әлемнің дамыған елдерінде де балаларды табиғатпен қайта қауыштыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, Жапонияда мектеп оқушылары жазғы демалыста табиғат лагерлеріне барып, орманда өмір сүрудің қарапайым дағдыларын меңгереді. Финляндияда балалардың ашық ауада уақыт өткізуі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі саналады. Германия мен Францияда фермерлік лагерлер кең таралған. Онда балалар жануарларды күтіп, егіншілікпен танысып, еңбектің қадірін үйренеді. Ал Қытайдың кейбір өңірлерінде соңғы жылдары балаларды өмірге бейімдеуге бағытталған ерекше тәжірибе қолға алынған. Оның мәні – қалада өскен бала мен ауылда өскен баланың бір айға орын алмастырып, екі түрлі ортада өмір сүруіне мүмкіндік беру. Осы уақыт ішінде қала баласы ауылдың тіршілігін көріп, табиғат аясындағы еңбек пен тұрмыстың қыр-сырын меңгерсе, ауыл баласы қалалық өмір салтымен, заманауи білім беру және мәдени ортамен танысады. Бастапқыда телевизиялық әлеуметтік жоба ретінде бас-

талған бұл бастама бүгінде кең қолдау тауып, әсіресе балаларын төрт қабырға мен гаджеттердің ортасында өсіріп отырған қала ата-аналарының қызығушылығын арттырды. Мамандар мұндай тәжірибе баланың өз бетінше өмір сүру дағдысын қалыптастырып қана қоймай, еңбекке құрметін, жауапкершілігін және ортаға бейімделу қабілетін де күшейтетінін айтады. Демек, дамыған мемлекеттердің өзі технология қанша өркендесе де, баланы табиғаттан алыстатпауға күш салып отыр. Ал қазақ халқы осы тәрбиенің негізін бұған дейін ауыл арқылы беріп келді. Бала жазда ауылға барып қайтса, ол тек демалып келмейді. Ол өмірді таниды, еңбекпен танысады, туған жердің иісін сезінеді. Ертен есейгенде қай жерде жүрсе де, оның жүрегінде ауылға деген сағыныш, елге деген құрмет сақталады. Балағын шаңға малып, күнге күйіп жүрген ауыл балаларының иммунитеттік қуаты да күшті болатыны медициналық тұрғыдан әлдеқашан дәлелденген. Өкінішке қарай, қыр-сырын меңгерсе, ауыл бөлігі осыны ескере бермейді. Кейбірі балаларын ата-әжесінің тәрбиесіне беруге де құлықсыз. Бұл да балаларды ауылдан алыстатып барады. Егер бүгінгі

ұрпақ ауылдан мүлде қол үзсе, ертең ауыл ғана емес, сол ауылмен бірге қалыптасқан ұлттық мінез, еңбекқорлық пен қарапайымдық та әлсіреуі мүмкін. Сондықтан жазғы демалысты тек уақыт өткізу емес, ұрпақ тәрбиесінің маңызды кезеңі ретінде қарастыратын уақыт әлдеқашан жетті.

